ҚАРАТӨБЕ
АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
КАРАТОБИНСКОГО
РАЙОНА

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2022 жылғы 22 қараша

№ 139

Қаратөбе а.

с. Каратобе

Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 5 қаңтардағы №1 «Қаратөбе аудандық мәслихатының «2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 11-2 шешімін іске асыру туралы» қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына, аудандық бюджеттік комиссия отырысының 2022 жылғы 10 қарашадағы № 13 хаттамасына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 5 қаңтардағы №1 «Қаратөбе аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы №11-2 «2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешімін іске асыру туралы» қаулысына (аудан әкімдігінің 2022 жылғы 22 ақпандағы №17, 2022 жылғы 2 наурыздағы №20, 2022 жылғы 11 сәуірдегі №31, 2022 жылғы 22 сәуірдегі №33, 2022 жылғы 25 сәуірдегі №38, 2022 жылғы 14 маусымдағы №74, 2022 жылғы 7 шілдедегі №79, 2022жылғы 28 шілдедегі №91, 2022 жылғы 28 шілдедегі №94, 2022 жылғы 22 тамыздағы №103, 2022 жылғы 13 қыркүйектегі №113, 2022 жылғы 14 қазандағы №127, 2022 жылғы 27 қазандағы №132 қаулыларымен енгізілген өзгерістерді қоса төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ келесідей редакцияда жазылсын:

«2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет мынадай көлемде атқарылуға қабылдансын, соның ішінде 2022 жылға:

1) кірістер – 5 159 753,1 мың теңге:

салықтық түсімдер – 474 506 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 13 866 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 8 425 мың теңге;

трансферттер түсімі – 4 662 956,1 мың теңге;

2) шығындар – 5 312 497,7 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 20 699,5 мың теңге:

001016

бюджеттік кредиттер – 74 284,5 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 53 585 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 173 444,1 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 173 444,1 мың теңге:

қарыздар түсімі – 68 917 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 53 585 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 158 112,1 мың теңге.»;

аталған қаулының 1 қосымшасы осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2. Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3.Осы қаулының орындалуын бақылауды аудан әкімінің орынбасары Ж.Сұлтанға жүктеймін.

Аудан әкімі **Қ.Сүйеуғалиев**